

«Балбобек» жеке балабақшасы

«Бейбітшілік күні»

Тәрбиеші: Амангалева Б.А

Орал қаласы 2023ж

Мақсаты: Балаларды Отанымызды сүйуге, қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеп, ынтымақтастық пен бейбітшілікті, бірлікті нығайтып, өзге де ұлттармен халықтар достастығын қалыптастыру.

Зал әдемі безеніріліп, күй ойналып тұрады, балалар көңілді музыкамен әр ұлттың кимін киіп, қолдарына жалауалар, шарлар ұстап, залға кіріп, әр топ белгеленген орындарына барып тұрады.

1 жүргізуші:

Қазақ жері-достықтың гүлстаны,
Дархан өлкем-мерейлі ырыс бағы,
Күрестерде, еңбекте, мерекеде
Мұнда сан ұлт қолдасып ту ұстады.

Құрметті қонақтар, балалар, ата-аналар! Сіздерді 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтаймыз! 1-Мамыр достықтың, бірліктің мерекесі. Бұл мерекені еліміздің түпкір-түпкірінде тұратын бірнеше ұлттар өздерінің ең қуанышты мерекесі деп біледі.

Ән: «Біз өмірдің гүліміз» Еркемай тобы

1 жүргізуші: Тәуелсіздіктің туы желбіргеннен батап 1 Мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні ретінде тойланып келеді. Аталмыш мерекенің халықтар бірлігіне қосар үлесі мен маңызы зор. Елімізде тұрып жатқан көптеген ұлттар мен ұлыстар достық пен бірліктің өмір сүріп жатыр. Қазақ жерінде топтасқан халық-ешқашан бірін-бірі алаламаған, тіпті қиын замандарда да бірге болып, бірлік пен достықты сақтай білген ел.

Балалардың бақшасында бүгін той,
Халықтардың ынтымақ, бірлік күні ғой!
Алақай-ау, алақай, қол соғайық балақай!
Қызарғанша алақан қол соғайық балақай!

Аспанымыз ашық болып, күніміз сөнбесін! Ортаға Ақбота тобын «Достық» әнімен шақырайық!

Ән: «Достық» Ақбота тобы

1) Туған үлкен Қазақстанда
Көңілді балаларымыз
Қол ұстасып біз мейрамда
Шын ниетпен қуанамыз
2) Салтанатты ұлы күні
Үні болсын достық әні
Қуанышты жарқын күйі
Ортақ болсын шаттық жыры

Тақпақтары

Хамза Достық-шырағымыз
Достық-ұранымыз
Достық туымыз
Достық әніміз

Әминә

Бейбітшілік ұраны
Жарқыраған алтын күн
Ән қанатты қыраны
Еркіндігі халқымның

Мирас

Достықты үлгі санаған
Бір үйде біз тұрамыз
Қалған ата-бабадан
Бірлік асыл мұрамыз
Бірлік достық айырылмас әніміз

Бірге жүріп,бірге оны шырқаймыз

Өзбек,орыс, түрік бол

Дос болудан қашпаймыз

1 жүргізуші:Қазақ халқы өте қонақжай халық,басқа ұлтармен де өте тығыз байланыста болып,бір-бірімен татау- тәтті,ағайын.-тума болып өмір сүрген.Соның дәлелі ретінде,біздің Айналайын тобы «Настоящий друг» әнін шырқап береді.

Ән : «Настоящий друг»

1 жүргізуші:

Біз балдырған тең басқан,

Дос құшағын кең ашқан

Тілейміз- бейбіт күн.

Ашық болсын кең аспан

Мы сегодняшней концерт

Посвящаем нашей дружбе

Пусть яркость праздничных флажков

В честь мудости народов видят люди.

Балалар сендер көріп тұрғандай,Республикамызда көптеген ұлттар тұрады.Сендер қандай ұлттарды білесіңдер,атап беріндерші.

Балалардың жауабы:орыс,өзбек,татар,кәріс т.б

1 жүргізуші:Жарайсыңдар балалар!Ортаға Қайнар тобын өздерінің құттықтауларымен сахна төріне шақырамыз.

Тақпак:2-3 бала

Ән:«Ақ көгершін » Қайнар тобы

Ақ көгершін, көгершін,

Қолғанат құс сен едің.

Бар, кезіп қайт ел үшін,

Кең дүниенің көлемін.

Әділеттің құсы деп,

Көз алмастан жолыңнан.

Бақыт болып қоншы деп,

Ұшырамын қолымнан.

Қайырмасы:

Ел тілегін алып ұш

Адамзаттың бағына.

Қара бұлтты жарып ұш

Мұхиттың арғы жағына.

Сенен көзін алмайды

Ақ ниетті бар адам.

Ақ қанатың талмайды

Әділеттен жаралған.

Тыныш-бейбіт өмірдің

Белгісі боп қанат қак.

Әлем ортақ көңілдің

Қайт шыңына қонақтап.

Тақтактар:

Бакжелді:

Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Бақтияр:

Дос болып түрлі халықтар,

Жасайтұғын ғасырмын

Бақыт шымын әлемге

Ұмытылмас асылмын.

Медина :

Бірінші мамыр той-тойлап,
Қарсылаймыз бәріміз.
Көп ұлтты тату-тәтті халықымыз.
Бізге тәтті қызығады бар әлем,

Қуаныш :

Болашақтың ұрпағы ұланымын.
Еліменен мәңгіге мақтанамын.
Бейбітшілік туымыз,
Желбіреді мәңгіге.

I жүргізуші:

Бірлік пенен ынтымағы халықтың,
Көгімізде жарқыраған жарық күн!
Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

Құрметті балалар, тәрбиешілер, ата-аналар! Мамыр-Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күніне арналған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Сіздерге денсаулық, бақыт, елімізге тыныштық пен бейбітшілік тілейміз! Достығымыз, ынтымағымыз жараса берсін, Келесі кездескенше күн нұрлы болсын!





